

**«Айгөлек» бөбекжай- бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ырғыз ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорынының
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

**Күтикөл ауылы
28 ақпан 2022 жыл**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бойынша
өзін-өзі бағалау
Қорытындысы**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 2 ақпандағы №124 және 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығы және меңгерушінің 28 қаңтар 2022 жылғы №7 бұйрығы негізінде «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК өзін-өзі аттестаттау өткізілді.

Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Өзін-өзі бағалау кезінде тексеріліп сарапталды:

1. Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы;
2. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары
3. Білікті қызметкерлердің болуы;
4. Оқу әдістемелік жұмыстар
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
6. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау. «Бағдарлама» салалары бойынша балалардың білім деңгейінің диагностикасы;
7. Өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:



1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ашылған жылы:

Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Ырғыз ауданының әкімі М. Дуанбековтың 23 мамыр 2007 жылғы №140 қаулысы негізінде іске қосылған. «Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсан №469 қаулысымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының **Жарғысы** негізінде жұмыс жасайды.

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК бейімделген жобадағы 1988 жылы салынған ғимаратта жұмыс жасайды. Жалпы көлемі 203,5 ш.м. құрайтын аумақты алып тұр. Жобалау қуаты -50 орынға есептелген. Жас ерекшеліктеріне сай 2 топ жұмыс істейді.

Ғимараттың типтік сипаттамасы:1 қабатты, бейімделген, ішкі және сыртқы тұрақты қабырғаларының материалы - қамыс. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы Құтикөл ауылындағы

орталықтандырылған су құбырынан пайдаланады. Жарық көзі жасанды және табиғи. Жылу жүйесі электрлі жылыту жүйесіне 2016 жылы қосылған.

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы 5 жұмыс күнімен 10 сағаттық уақытымен жұмыс жасайды.

Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген.

Мектепке дейінгі ұйымда топтар бойынша барлығы 3 бөлме, музыкалық зал, спорттық зал қарастырылмаған. Бөлмелер жиһаздармен, оқу-құралдарымен жабдықталған.

Мектепке дейінгі ұйымда медициналық кабинет бар. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сай жұмыс жасайды. МСЭҚКА

Департаментінің Ырғыз ауданы бойынша басқармасының 2008 жылдың 26 қыркүйек №4 негізінде Санитарлық –эпидемиологиялық ұйғарымы бар.

Медициналық кабинет 1 бөлмеден тұрады, жалпы ауданы 10,3 ш.м. Медициналық кабинет Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сай қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасында 2022 жылдың 28 қаңтардағы мәлімет бойынша балалар саны 50 бала, жас ерекшеліктеріне қарай оқу қызметтері 4 топқа бөліп жүргізіледі. «Ай» ерте жас тобы, «Ай» кіші тобы, «Күншуақ» ортаңғы тобы, «Күншуақ»ересек тобы.. Балалар мектепке дейінгі ұйымға «Самғау» электронды кезекке қойылып, жолдама арқылы қабылданады. Ата-аналармен келісім шарт жасалған.

Бөбекжай-бақшаның экономикалық қаржылық іс-әрекеті балабақша Жарғысына, ҚР-ның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі. Жергілікті бюджет және ата-аналардың тамаққа төлем ақысы қаржы көзі болып табылады.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:

Бөбекжай-бақшасының Жарғысында-оқыту тәрбиелеу ісі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты негізінде жасалған оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуы және білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі,білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі,тәрбиеленушілерді бөбекжай-бақшасында орынының сақталуы мен шығару негіздерін және тәртібін, білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі басшылыққа алынған.

Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БИН 080440003766, 12.01.2021жылы Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні- 08.04.2008 жыл.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы «23» желтоқсандағы №469 қаулысының негізінде қайта құрылды.

Рұқсат беру құжаттары: Білім беру қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ08RYK00027406
Берілген күні: 22.01.2021

Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, индекс 030406, Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылдық округі, Құтикөл ауылы, Ә.Барысбаев көшесі, 2 ғимарат.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: Телефон: 8(713 34)72-0-17 Эл. поштасы: aigolek.b.b@mail.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Тәмпішева Людмила Нұраханқызы 01.10.2014 жылы Ырғыз аудандық білім бөлімі басшысының № 01-217 бұйрығымен тағайындалған.

2.2017-2021 -2022 оқу жылдарындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері:

2017-2018 оқу жылы, 2018-2019 оқу жылы, 2019-2020 оқу жылы, 2020-2021 оқу жылы және 2021-2022 оқу жылы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін құруда балалардың жас ерекшеліктері, оқу әрекетінің мазмұны есепке алынған. Оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бөбекжай-бақшасы меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан. Инвариативті және вариативті оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ. Оқыту және тәрбиелеу – мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Жас ерекшеліктері ескеріле отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша топтар жинақталуы қалыптасқан. Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес, "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - үлгілік оқу жоспарлары) сәйкес оқу жоспарлары жүзеге асырылған.

3. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1. Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Айгөлек» бөбекжай-бақшасында оқу тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті- басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Бөбекжай-бақшасы сыйымдылығы 50 орын. 2 топ. Қазіргі таңда 50 бала тәрбиеленуде. 1-5 жас аралығындағы балала қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер жолдама арқылы тіркеледі.

Бағаланатын оқу жылдары бойынша:

«Денсаулық» білім саласы бойынша: Тәрбиешілер Р.Айтәлесова, Қ.Қайырова, Ш.Жайманова Ж.Жалмағанбетова ұйымдастырып, меңгерткен «Допты алысқа лақтыру, тактайшадан аттап өту», « Қағып алу, және жыланша жүгіу», «Бір орында тұрып екі аяқпен секіру», т.б тақырыбындағы сағаттар бала қызығушылығын тудырды.

Сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-танертенгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес сала бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады. Денешынықтыру бойынша оқу дағдыларын меңгертті. Тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыруды балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру салаларының («Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етілді.

«Таным» білім беру саласы бойынша топ тәрбиешілері «Математика негіздері», «Тең заттар» тақырыбында, тәрбиеші Н.Шүніреева «Алыс-жақын», «Бөлме гүлдері», «Үлкен және кіші», «Ғажайып дыбыстар», тақырыптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балалардың ойлау, ажырату дағдылары қалыптастыра отырып, маман қойған мақсаттарына кері байланыс алау арқылы жете білді. Балалар мен педагогтың арасындағы өзара байланысы өте тиімді әрі тәрбиелік мәні болды. Балалардың іс-әрекеттері, орындаған тапсырмасы сөйлеу, санау, ажырату арқылы жетік жеткізілді ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіп, пішіндер, алыс-жақын ұғымдарын математикалық пішіндер арқылы таныстырып, қортынды нәтижеге жетті. Жеке-топтық жұмыстарды да ұйымдастыра алды.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша топ тәрбиешілері «Сөйлеуді дамыту» бөлімі бойынша «Қысқы табиғат аясында» «Ғажайып қыс», «Астана», «Қар жамылған ағаштар», тақырыптарындағы ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіп, тәрбиеленушілерге қар, аққала, шаңғы, т.б жыл мезгілінде қолданылатын сөздермен сөз қорларын, сөйлеуін дамытты, өлеңді жалғасытыру арқылы баланың сыни ойлау мен сөзшешендігіне коммуникативті дамыту дағдылары дамыды. Суреттерді, заттарды қарау, жанды және жансыз табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу, өзіне таныс ертегілерді сахналауға және драмалық қойылымға қызығушылығы мен ынтасы сияқты оқу дағдыларын қалыптастырды.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша музыка жетекшісі Ж.Ідірісова «Ғажайып сәт», «Не қалай дыбыстайды?» «Зообаққа саяхат», «Астана», «Көктем күні тамаша», «Күз мезгілі». «Сурет салу» бөлімі бойынша Топ тәрбиешілері Н.Болатқызы, А.Дауылбай, Қ.Қайырова, Р.Айтілесова, Г.Аттиева «Жасыл шырша», «Жапалақтап қар жауды», «Әжемнің орамалы», «Қар жауып тұр», «Маймақ маң-маң басады», «Алтын күз», «Нұрын төккен гүл көктем» т.б тақырыбындағы ашық көрсетілімдер мен ұйымдастырылған оқу қызметтері, балалардың қызығушылығын қанағаттандырды. Бұл сабақтарда балалар жеке және топтық жұмыстарды жасауда белсенділік танытты. Мамандар күтілетін нәтижелеріне жетті.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша топ тәрбиешілері «Тәуелсіз елім-Қазақстан», «Ауа қайда тығылады», «Орман тұрғындары», «Жаз мезгілі», «Құм қалашық» т.б ұйымдастырылған оқу қызметтерінде тәжірибе сағаттарын өткізіп, бала қажеттілігін қанағаттандырды. Балаларды қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасы мен құрбыларына жақындық сезімін, оларға құрметпен қарауды, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуге баулыды. Вариативтік компоненттік бағдарламасы әр оқу жылы бойынша бала қызуғушылығына негізделі отырып жоспарланған.

«Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы бойынша жұмыс жоспарының орындалуы.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласындағы бастамаларын қолдай отырып, оның идеяларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары жазылып, қыркүйек айында «Туған жер» атты сурет көрмесі, «Рухани жаңғыру ұлт болашағы» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі, «Тәуелсіздік-тірегім» атты ертеңгілік, «Балбақша мен отбасы ынтымағы» атты дөңгелек үстел, «Елін сүйген-Елбасы» атты кітап көрмесі, «Күз байлықтары» атты сурет көрмелері, атты ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерге жарияланды.



«Күз байлықтары» атты сурет көрмелері



«Тәуелсіздік-тірегім» атты ертенгілік



«Елін сүйген-Елбасы» атты кітап көрмесі



Кадрлар құрамына талдау

Қазіргі уақытта «Айгөлек» МДҰ-да барлығы 9 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.

2021-2022 оқу жылында барлығы 9 педагог жұмыс жасайды.

Оның ішінде жоғары білімдісі – педагог 5(55,5%)

Арнаулы орта білімдісі – 4 педагог (44,4%)

Жоғарғы санатты: - 1 (11,1%)

Бірінші санатты: - 0

Екінші санатты: - 2 (22,2%)

Педагог-модератор: - 2(22,2%)

Педагог-сарапшы: 1(11,1%)

Санаты жоқ: - 3 (33,3%)

Біліктілік курсынан өткен педагогтар: «Өрлеу» - 9 педагог

Жаңартылған бағдарлама – 1 педагог

Басқа курстар – 1 педагог

Қазіргі таңда «Айгөлек» мектепке дейінгі ұйымда 5 тәрбиеші, 1 психолог, 1 музыка жетекшісі, 1 әдіскер, 1 меңгеруші жұмыс жасайды.



Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2017-2018	9	5 (55,5%)	5 (55,5%)	4 (44,4%)	4 (44,4%)	-
2018-2019	9	5 (55,5%)	5 (55,5%)	4 (44,4%)	4 (44,4%)	-
2019-2020	9	5 (55,5%)	5 (55,5%)	4 (44,4%)	4 (44,4%)	-
2020-2021	9	5 (55,5%)	5 (55,5%)	4 (44,4%)	4 (44,4%)	-
2021-2022	9	5 (55,5%)	5 (55,5%)	4 (44,4%)	4 (44,4%)	-

Жоғары, бірінші, екінші санаты бар тәрбиешілердің саны- 6(66,6 %) Өткен жылдармен салыстырғандағы біліктілік санаттарының көрсеткіші:

2017-2018 оқу жылы: 9 педагогтан санаты бар 1 педагог (11,1%).

2018-2019 оқу жылы: 9 педагогтан санаты бар 2 педагог (22,2%).

2019-2020 оқу жылы: 9 педагогтан санаты бар 1 педагог (11,1%).

2020-2021 оқу жылы: 9 педагогтан санаты бар 1 педагог (11,1%) .

2021-2022 оқу жылы: 9 педагогтан санаты бар 2 педагог(22,2%)

Оқу-әдістемелік жұмыстар

Бөбекжай-бақшаның алға қойған мақсаттарының бірі балалардың шығармашылық белсенділігін әр түрлі іс-әрекет түрінде дамыту, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға қойған:

- Балалардың денсаулығы мен психологиялық ахуалын қамтамасыз ету;
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын құрайтын жалпы адамгершілік құндылықтарға баулу;
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс-әрекеттер барысында баланың бойын адамгершілік қарым-қатынасқа баули отырып, олардың талап-тілектерімен санасу, жанашырлық сезімдерін дамыту;
- Осы алынған міндеттемелер балалармен жүргізілетін оқыту-тәрбие жұмыстарында, оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

2017-2018 оқу жылында негізгі оқу жоспарының мазмұны «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 5-бабының 6-шы тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген 2016 жылғы 22-ші маусымындағы №391 бұйрығы негізінде бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспарын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

2017-2018 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

I кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-72 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет» -18 сағатты құрады. Барлығы -396 сағат;

II кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90 сағат, «Таным»-90сағ, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат: 1) « Жас актерлар мектебі» - 36сағат; 2)

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат; Вариативтік компонент қазақ 2 сағат: 1) «Ертегілер» - 36 сағат; 2) «Мен кімін» - 36 сағат;

2018-2019 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының» 2007 жылғы 27 шілдедегі 5-бабының 6-тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13-мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген 2016 жылдың 22-маусымындағы №391 бұйрығы негізінде бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспары негізінде құрылды.

2018-2019 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

I кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-72 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет» -18 сағатты құрады. Барлығы -396 сағат;

II кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90 сағат, «Таным»-90сағ, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Шебер қолдар» - 36сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат; Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Ертегілер елінде» - 36 сағат; 2) «Өнерлі екен он саусақ» - 36 сағат;

2019-2020 оқу жылының оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығы, сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оқу жылында білім процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хатын» негізге ала отырып құрылды.

2019-2020 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

I кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

II кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90 сағат, «Таным»-90сағ, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Ертегілер елінде» - 36сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат; Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Дидактикалық ойындар» - 36 сағат; 2) «Бүлдіршіндердің шығармашылығын дамыту» - 36 сағат;

2020 – 2021 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020 ж.), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 13.08.2020 ж. №345 бұйрығы, «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепалды даярлық топтарында/сыныптарында тәрбие – білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хаты» негізге алынып құрылды.

2020-2021 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

Кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» – 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы – 496 сағат. Вариативтік компонент 1 сағат: «Кішкентай суретшілер» - 36 сағат,

Ересек топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 432 сағат, Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Бәрін білгім келеді» - 36 сағат, 2) «Өнерлі екен он саусақ» - 36 сағат.

2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020 ж.), сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік-нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

2021-2022 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша **Ерте жас топ:** «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

Кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» – 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы – 496 сағат, Вариативтік компонент 1 сағат: «Ойыншықтар әліміне саяхат» - 36 сағат,

Ересек топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, барлығы – 432 сағат, Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Ертегілер елінде» - 36 сағат, 2) «Табиғатты сүйеміз, әрі қорғай білеміз» - 36 сағат.

Педагогтармен «Тіл–біздің тұтастығымыз» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында педагогтар «Тілдер туралы» заңның баптары бойынша дайындалған сұрақтарға жауап беріп, мемлекеттік тіліміздің қазіргі күндегі қолданысы туралы өз ойларын ортаға салды.

Тұңғыш Президент күніне орай іс-шаралар жоспары жасалынып, «Елбасы еңбектері» кітаптар көрмесі өтті. Тәрбиеленушілерге Елбасы туралы мәліметтер беріліп, Елбасының өмір жолымен таныстырылды. «Туған елім-Қазақстан» тақырыптарында ұйымдастырылған оқу қызметі барлық жылдар бойынша жоспарлы өткізіліп, мерекелік ертеңгіліктер, мерекелік сағаттар ұйымдастырылған. Балалар Елбасы туралы мәліметтерді жетік меңгерген.

Барлық оқу жылы бойынша ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады. Мысалы: Білім күні мерекесіне орай «Білімнің бастауы балабақшада» Отбасы күні мерекесіне орай «Менің тату отбасым», Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаздар ұлы есім» (ертеңгілік), «Алтын күз» мерекесі қарсаңында «Күз байлықтары» атты табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылып, ата-аналар табиғи материалдан жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастырылады. Көрмеге барлық топтың ата-аналары белсенді қатысты. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Тәуелсіз Қазақстан!» атты ертеңгілік өтті. Жаңа жыл мерекесіне орай «Жаңа жыл – жаңа жыр» ертеңгілік өткізілді.

